



Раушан
НҰҒМАНБЕКОВА

Ескерткіш ашылғаннан кейін «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өз жұмысын бастады. Конференцияны Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры Ерлан Сыдықов ашты.

«Алаш» қозғалысы 1920 - 33 жылдардағы қоғамдық өмірдің айнасы, - деді ректор, - Әлихан Бөкейханов сұңғыла саясаткер ретінде танылса, Ахмет Байтұрсынов қазақ халқының тілі мен дінін сақтауға бар ғұмырын арнаған. Ж. Ақбаев, М. Дула-

тов ұлтты оятып, рухтандыруға бар мүмкіндіктерін сарқа пайдаланды. Алаштықтар түрме азабын көріп, итжеккенге айдалды. Алашорданы байлар тобының мемлекеті деп қорқытты. Міне, бүгінде алаштықтардың арманы іс жүзінде орындалып отыр.

Облыс әкімінің орынбасары Аманкелді Тәженов келген қонақтарды Абай, Шәкәрім, Мұхтар еліне келулерімен құттықтап, ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Жәнібек Кәрібжановтың хатын оқыды.

- Құрметті халайық, - деп басталған хатта, - Алашорда тарихын зерттеуге арналған ғылыми конференцияның ашылуымен сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Қазақ елі жеке мемлекет болып қалыптасты, алашорда-

лықтар еңбегін бағалау азаматтық парызымыз. Семей - рухани орда. Алаш қозғалысының тарихы Семейдің мәдениетін биіктете түсері сөзсіз. Қазақстан халқы мен шетелдегі қандастарымыз да Алашорда тарихын зерттеу, зерделеу жұмыстарына қолдау көрсетеді деп ойлаймын.

Конференция жұмысы бірнеше бағытта жүргізілді. Қатысушылардың бірқатар баяндамалары тыңдалды. Солардың ішінде Қазақстан тарихшылары қауымдастығының төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиевтің «Алашорда және Совет үкіметі, ұстаным алаштығы» деп аталатын және Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер, та-

Ұлттық рухымызды оятып, халық санасын дүр сілкіндірген Алаш қозғалысына 90 жыл толып отыр. Осынау торқалы тойға орай Семей мемлекеттік педагогикалық институтының алдында Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейхановтың ескерткіші ашылып, жиналған қауым ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

АЛАШ АРМАНЫНА ЖЕТКЕН КҮН



рих ғылымдарының докторы Өмірзақ Озғанбаевтың «Алаш қозғалысының алғы шарттары және Ресей Думасы» деген тақырыптағы баяндамалары, Түркияның Стамбул қаласынан келген философия ғылымдарының докторы, профессор Хасен Оралтайдың сөзі ерекше ықыласқа ие болды. Баяндамалардан кейін естеліктер де айтылды. Мәселен, М. Әуезов атындағы Семей мемлекеттік университетінің доценті, этнограф-тарихшы Мұхаметқазы Мұхамедиұлының айтуынша, Алаш арыстары 1918 жылы сәуір айында қозғалыс сол жақта да өріс алса деп, Қытайға барады. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Шәуешекте болады. Өрібай жігіт елінің адамдары Әнжан қажы, Баян қажы, Қошқарбай еліндегі Тоғжан, Таңғырт

дейтін үкірдай ел басылары (үкірдай - облыс деген сөз) алаштықтарды қарсы алып, көк қасқа тай сояды. Атақты күйші Заманбекті шақырып, ойын-сауыққа бөлейді. Сонда Міржақып Дулатов: «Арқаның үш жүзін талай аралап едім, мұндай күйші жоқ шығар» деп таң қалған екен. Осынау жиынның соңын ала «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығының және «Алаштану» журналының тұсауы кесілді. Алашордалықтардың өміріне байланысты фильм көрсетілді. Келген қонақтардың арасында Ресей Ғылым академиясының академигі, профессор В. Ламин, Ресей мемлекеттік туризм және сервис университетінің профессоры Динара Аманжолова және алашордалықтардың ұрпақтары болды. Біздің газетімізге берген сұхбатында

Алаш қозғалысының қайраткері Х. Досмұхамедовтың немересі Марат Досмұхамедов пен «Қайраткер» қоғамдық қорының президенті Бисенғали Қуаншәлеев Шығыс Қазақстан өңірінің халқына деген ризашылықтарын білдірді. Соңында жиынға қатысушылар Жамбыл атындағы театрдың өнер ұжымы дайындаған Ж. Аймауытовтың «Ақ білек» шығармасын тамашалады.

СУРЕТТЕРДЕ: Алаш қозғалысының 90 жылдығына арналған конференцияның ашылуынан көрініс; Әлихан БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ескерткіші.

Суреттер автордікі.

Семей.

